

## "Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2023 жылғы 4 қазандағы № 9-11 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасының Экімшілік рәсімдік-процестік кодексі 40-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес, Т.Рысқұлов аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған "Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Т.Рысқұлов аудандық мәслихат аппаратының басшысына жүктелсін.
3. Осы шешім қол қойылғаннан кейін күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

E. Абуталипов

Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының

2023 жылғы 04 қазанында № 9-11

шешімімен бекітілген

## "Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесі

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мәслихат аппараты) Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары болып табылады.

2. Мәслихат аппаратының ведомстволары жоқ.
3. Мәслихат аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Мәслихат аппараты ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атавы

мемлекеттік тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Мәслихат аппараты азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.
6. Мәслихат аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылышы.
7. Мәслихат аппараты өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Т.Рысқұлов аудандық мәслихаты төрағасының өкімдерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. Мәслихат аппаратының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.
9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 75, пошталық индекс 080900.
10. Осы ереже мәслихат аппаратының құрылтай құжаты болып табылады.
11. Мәслихат аппаратының қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Мәслихат аппараты кәсіпкерлік субъектілерімен мәслихат аппаратының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:  
"Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы - мәслихаттың, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ету.
14. Өкілеттіктері:
  - 1) құқықтары:  
белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан, өзге де ұйымдардан ақпарат, анықтамалар, есептер, шешімдер жобалары, нормативтік құқықтық актілер жобаларының бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаны туралы мәліметтер сұрату;

аудандық мәслихат шешімдерінің енгізілген жобалары бойынша қажетті келісулер және өткізілетін сессиялардың, тұрақты (уақытша) комиссиялардың отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша өзге де құжаттамалар сұрату;

мәслихат депутаттарынан олардың қызметі жөніндегі мәселелері бойынша мәліметтер, ақпаратар сұрату;

мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметкерлерін, аудандық мәслихаттың құзыретіне жататын мәселелерді пысықтауға қатысуға тарту.

## 2) міндеттері:

аудандық мәслихаттың, оның органдары мен депутаттарының ұйымдастыруышлық, құжаттамалық, құқықтық, ақпараттық-талдамалық, материалдық-техникалық қызметін қамтамасыз ету;

аудандық мәслихат қабылдайтын шешімдердің қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз ету;

аудандық мәслихаттың, оның органдары мен депутаттарының қызметі туралы халықтың хабардар болуын қамтамасыз ету;

аудандық мәслихаттың және оның органдарының бақылау функцияларын іске асыруды қамтамасыз ету;

аудандық мәслихаттың сессияларының және тұрақты комиссиялардың отырыстарының хаттамаларының жүргізілуін қамтамасыз ету;

депутаттардың сауалдарын және депутаттық ұсыныстарды уақытылы қарауды және іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар мен мекемелерге сауалдар жіберу;

аудандық мәслихатқа жолданған жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің орындалу мерзімі мен нәтижелеріне бақылауды жүзеге асыру;

аудандық мәслихаттың ақпараттық жүйесін жетілдіру;

## 15. Функциялары:

аудандық мәслихат депутаттарына ұйымдастыруышлық, құжаттамалық, құқықтық, ақпараттық-талдау қызметтерін көрсету;

аудандық мәслихаттың қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілер жобаларының және басқа да шешімдер жобаларының қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін бақылау;

аудандық мәслихат қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің мониторингін жүзеге асыру;

аудандық мәслихат қабылдайтын нормативтік-құқықтық актілерді жариялау;

аудандық мәслихаттың қызметін қамтамасыз етуге арналған шығындарды анықтау, іссапар шығындарын өтеу, депутаттарды қажетті кеңсе құралдарымен және депутаттық қызметті жүзеге асыру үшін өзге де тауарлармен қамтамасыз ету;

келіп түскен ақпаратты, атқарушы органдар басшыларының есептерін жинау, талдау, депутаттардың алдында өз қызметі туралы есеп беретін мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелері туралы анықтамаларды дайындау;

мәслихаттың ресми сайтын аудандық мәслихаттың қызметі туралы қажетті ақпаратпен толықтыру;

Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастыруышлық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мәслихат депутаттарының біліктілігін арттыруға арналған шығындарды жоспарлау;

аудандық мәслихат аппаратының қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарына жіберу.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мэртебесі, өкілеттіктері**

16. Аудандық мәслихат аппаратын басқаруды Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының төрағасы жүзеге асырады, ол мәслихат аппаратына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Аудандық мәслихаттың төрағасы тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды адам болып табылады. Оны мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттар жалпы санының көпшілік даусымен мәслихат сайлайды және қызметтен босатады. Мәслихаттың төрағасы мәслихат өкілеттігі мерзіміне сайланады.

18. Аудандық мәслихат төрағасының орынбасарлары жок.

19. Аудандық мәслихат төрағасының өкілеттіктері:

1) мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауды ұйымдастырады, сессияның күн тәртібін қалыптастырады, хаттаманың жасалуын қамтамасыз етеді, мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;

2) мәслихат сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды;

3) мәслихат сессиясының отырысын жүргізеді, мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

4) мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының жұмысына және сайлау округтеріндегі жұмысқа қатысуы үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуга байланысты мәселелерді қарайды;

5) депутаттар сауалдарының және депутаттың өтініштердің қаралуын бақылайды;

6) мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

7) сайлаушылар өтініштері туралы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы мәслихатқа ұдайы ақпарат беріп отырады;

8) мәслихаттың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

9) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 24-бабының 1-тармағына сәйкес әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселеге бастамашылық еткен мәслихат депутаттарының жиналған қолдарының төлнұсқалығын тексеруді ұйымдастырады;

10) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

11) мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының және депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді;

12) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда мәслихат атынан өкіл болады;

13) мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды белгілейді;

14) осы Занда, Қазақстан Республикасының заңнамасында, мәслихат регламенті мен шешімінде көзделген өзге де өкілеттіктерді орындаиды.

Аудандық мәслихаттың төрағасы болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы немесе мәслихат депутаты уақытша жүзеге асырады.

20. Мәслихат аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға сайланатын және лауазымнан босатылатын мәслихат төрағасы басқарады.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органдың мүлкі**

21. Мәслихат аппаратының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Мәслихат аппаратының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Мәслихат аппаратына бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Мәслихат аппаратының өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Мәслихат аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.